

**Орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Жаһандық
құзыреттілік» пәні бойынша педагогтердің біліктілігін
арттыру курсының білім беру бағдарламасының
САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Сараптамаға «ТЕХНОЛОГИИ И ОБРАЗОВАНИЕ» ЖШС әзірлеген «Жаһандық құзыреттілік» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ұсынылды.

Тыңдаушылардың біліктілігін арттыру процесінде ынтымақтастық оқу ортасын құру үшін оқытуды ұйымдастырудың практикалық жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақ, тестілеу, жобаны қорғау, вебинар, тыңдаушының өзіндік жұмысы қолданылған. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы №384 бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес құрастырылған. Курстың оқыту ұзақтығы Бағдарламаға қосымша берілген оқу жоспарына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды.

Жаһандық құзыреттіліктер жаһанданудың өсіп келе жатқан әсеріне, жылдам әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, Мәдениеттер мен ұлттарға кеңінен әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше маңызға ие болуда.

Орта білім беру педагогтеріне арналған «Жаһандық құзыреттер» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Педагогтердың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Курс жаһандық азаматтық құзыреттілігі бар бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуге, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдауға және бағалауға, түпнұсқа білім мен идеяларды құру дағдыларына бағытталған. Курстың мазмұны қажетті өзекті ақпаратты зерттеу және іздеу дағдыларын, сыни тұрғыдан түсіну мен рефлексияны, коммуникативті құзыреттілікті дамытуды қамтиды.

Бағдарлама мазмұнында мектепте қызмет жасайтын педагогтердің біліктілігін арттырудың педагогикалық бағыттары ескерілген.

2-бөлім. Глоссарий бағдарлама талаптарына сәйкес педагогтердің оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін білім алуларына, кәсіби білімдері, біліктерін, дағдыларымен құзыреттіліктерін қолдануға және кеңейтуге мүмкін бере отырып, педагогикалық шындалуына, кәсіби өсуіне бағытталған. Бағдарламадағы кестеде келтірілген негізгі ұғымдар мен терминдер білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсіну мен бағалауды, өзіндік білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу курсының мазмұны бағдарламасы жаһандық құзыреттіліктерді игеру көпмәдениетті қоғамдастықта үйлесімді өмір сүруге ықпал етеді, үнемі өзгеріп отыратын еңбек нарығына бейімделуге және өзін сенімді сезінуге, заманауи медиа платформаларды тиімді және жауапкершілікпен пайдалануға, халықаралық қоғамдастықтың дамуы үшін жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік беруге негізделген.

3- бөлім. Бағдарлама тақырыбы

Орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Жаһандық құзыреттілік» пәні бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы жергілікті, жаһандық проблемаларды зерттей алатын, мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелерін түсінуге және бағалауға қабілетті, сонымен қатар әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсініп, басқалармен табысты әрі құрметпен әрекеттесу және тұрақты даму мен ұжымдық әл-ауқат үшін жауапкершілікпен әрекет ететін жаһандық құзыретті тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың білім беру процесін жүйелеуге бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі No 399 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім деңгейіндегі 5-9-сыныптарға және 10, 11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу жоспарларына сәйкес Бағдарламаның мазмұнын құрылымдау қажеттілігіне байланысты жаңартылды. Курс бағдарламасының мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері, құрылымы мен мазмұны, тақырыптары педагогтердің тұрақты даму мақсаттары мен функционалдық сауаттылықпен сәйкес жаһандық құзыреттердің тұжырымдамалық негізін білу, білім сапасын қамтамасыз етуде педагогтердің уақыт талабына сай үздіксіз кәсіби дамуындағы қажеттілікке негізделген. Бағдарлама тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері, білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, оқу-тәрбие процесінде цифрлық технологияларды пайдалану, педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамытуға бағытталған нақты модулдер мен негізгі бағыттарды жүйелі оқытуға негізделген.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Оқытудың заманауи білім беру технологияларын, бағдарламалар мен жобаның негізгі бағыттарын, сыни ойлау дағдыларын дамыту әдістемелерін оқытып, сабақты жоспарлауға және қосымша ресурстарды пайдалануға үйретеді. Оқытуды ұйымдастыруға және сабақ өткізуге үйретіп, жаңа ұғымдар туралы түсініктері қалыптасады. Сабақтарда тест сұрақтарын құрастырып, ойын түрлерін меңгереді. «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқытуда балаларды тәрбиелеу және оқыту процесін жетілдіру әдістерін, әдістемелері мен тәсілдерін анықтауда дағдыларды қалыптастыру, жаһандық құзыреттілікті дамытуда және оқу тапсырмаларын әзірлеуде цифрлық технологияларды пайдалану құзыреттіліктерін дамытуға, жаһандық проблемаларды зерделеуде зерттеу және жобалау әдістерін қолданудың маңыздылығын ашуға бағытталған құрылған курс бағдарламасы педагогтер үшін қажет.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.

Бағдарламаның құрылымы бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Тыңдаушыларды оқыту барысында жергілікті, ғаламдық және мәдениетаралық проблемаларды зерттеу, басқалардың көзқарасы мен дүниетанымын түсіну және бағалау, әртүрлі мәдениетке жататын адамдармен ашық, тиісті деңгейде және тиімді өзара әрекеттесу, ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты даму үшін әрекет ету қабілеті туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Жаһандық құзыреттілік бойынша білім беру қоғамдағы мәдени хабардарлық мен сыйластыққа құрылған әрекеттестікке ықпал етеді. Жаһандық құзыреттер – бұл нақты дағдылар емес, қазіргі және болашақ ұрпақтың өміріне әсер ететін кез келген проблемаларды шешуге қатысу қолданылатын білім, білік, көзқарас пен құндылықтардың үйлесімі.

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру.

Бағдарламаның мазмұны тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау мақсатында күрделі тақырыптармен өзіндік жұмыс, эссе жазу, жобаны презентациялау, зерттеу жұмыстары жасалады. Курстың ұзақтығы 36, 72, 80 академиялық сағаттарды құрайды. Бағдарламадағы модуль тақырыптары теория мен практикаға бөлінген.

Педагогтерді оқытудың белсенді сипатын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіледі: семинарлар, вебинарлар, практикалық жұмыстар, кейстерді шешу, жобаларды қорғау сияқты көптеген жұмыс түрлерін қамтиды. Рөлдік ойындар, мәтіндерді талқылау, қорытынды жасау, ой толғау, жағдаяттық мәселелерді шешу, бейнематериалдарды қарау және мазмұнды талдау, қоғамдағы қарым-қатынас принциптерінің жиынтығын құрастыру проблемалық жағдайларды талдау, тұжырымдамалық карталар мен нұсқауларды құрастыру оқу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған жұмыс түрлері кіріктірілген. Тәжірибелік сабақтар теориялық білімдерін бекіту және курс тыңдаушыларының дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі.

7-бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Бағдарламада білім беру процесінің тұжырымдамалық, нормативтік және құқықтық негіздері, тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыстың аспектілері, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, оқу-тәрбие процесінде цифрлық технологияларды пайдалану, педагогтердің зерттеу және жобалау құзыреттерін дамыту міндеттері қойылған. Бағдарламаны іске асыруда қорытынды бойынша жоба әзірлеу және оны қорғау жұмысы жүргізіледі. Бағдарламаны меңгеру барысында педагогтерге курста оқу бойынша оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары, біліктілік санаттарын қорғау бойынша электронды көрсетілімдерді даярлау бағдарламалары және сандық ресурстар, білім беру контентін және электронды білім беру ресурстарын, жаһандық құзыреттіліктерді дамыту бойынша портфолионы дайындау ВЕБ-сервистері, тәжірибелік жұмыста сандық білім беру платформаларын қолдану арқылы функционалдық сауаттылыққа сай тапсырмаларды орындау, курстан кейінгі қолдау көрсету түрлері, әдістері мен ерекшеліктері, бағдарлама тиімділігі бойынша талдау, әдістемелік қолдау мен әріптестік ынтымақтастық, желілік қауымдастық, кәсіби даму траекториясы, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген.

8-бөлім. Оқыту нәтижелерін бағалау.

Бағалау процесі жобаларды қорғау, мультмедиялық таныстырылымдар дайындау арқылы жүреді. Жаһандық мәселелерді талдау, себеп-салдарын анықтау, нақты өмірден мысалдар келтіру, мәселені шешу амалдарын зерттеу, мәселені шешудің өзіндік ұсыныстарын тізбектеуге, жобалау әдісінің көмегі арқылы жаһандық мәселелерді шешуге әсер ететін жеке мүмкіндіктерді қарастыруға бағытталған. Оқыту бағдарламасын меңгеру қорытынды бағалаумен аяқталады. Қорытынды бағалау тыңдаушылардың теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дайындығына бағытталған.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау.

Курстан кейінгі кезеңде алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде біліктілігін арттырудан өткен педагогтерге курстан кейінгі қолдау көрсетіледі.

Бұл бөлімде педагогтің кәсіби өсу траекториясын қолдауға бағытталған педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша курстан кейінгі қолдаудың форматы, нысандары мен әдістері сипатталған: педагогтің қатысуымен өтетін іс-шаралар (семинарлар, вебинарлар, конференциялар, конкурстар); жұмыс орнындағы зерттеулер негізге алынған.

Дегенмен, курстан кейінгі кезеңде тренер мен тыңдаушыларға электрондық пошта, әлеуметтік мессенджерлерге (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts) арқылы тәрбие мен оқыту бойынша өзгерістер мен жаңалықтар бойынша ресурстармен әдістемелік құралдармен,

дереккөз сілтемелері және т.б. бөлісуді қарастырған жөн. Педагогтерге шығармашылық бағытта өнім (авторлық, үлестік, вариативтік бағдарламалар) дайындауына бағыт-бағдар беріліп, ол жұмыстар бойынша рецензия (пікір) жазылғаны жөн.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

«Жаһандық құзыреттілік» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі бағдарламаға сәйкес келеді.

Негіздеме: «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «27» тамыз 2022 жылғы № 384 бұйрығында көрсетілген талаптары негізінде жасалған. **«Жаһандық құзыреттілік» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы келісілді.**

Сараптама кеңес отырысының № 18 хаттамасы, 15.08.2025 жыл.

Сарапшы

